



010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі  
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс  
тел.: (7172) 74-22-92, [www.gov.kz/memleket/entities/kdso](http://www.gov.kz/memleket/entities/kdso)

010000, город Астана, Дом министерств  
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд  
тел.: (7172) 74-22-92, [www.gov.kz/memleket/entities/kdso](http://www.gov.kz/memleket/entities/kdso)

№ \_\_\_\_\_

## Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары

Аттестаттау рәсімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларымен және шарттарымен (*бұдан әрі – Қағидалар*) жүзеге асырылады.

Қағидалардың 12-қосымшасы 3-тармағының 3.4-тармақшасына сәйкес шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға немесе конкурстық комиссияларға немесе қазылар алқасына, судьялыққа қатысу мәлімделген біліктілік санаты деңгейінде болмаған жағдайда бір саты төмен деңгейдегі біліктілік санаттарына дәлелді құжаттары болуы тиіс.

Мәселен, егер «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беруге (растауға) өтініш берген педагогтердің облыстық деңгейінде дәлелді құжаттары болмаған жағдайда аудандық/қалалық деңгейдегі жұмыстарын есептеуге болатынын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, Қағидалардың 4.1-тармағына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша қызмет бейіні (саласы) бойынша біліктілікті арттыру курстары бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына өтініш беретін педагогтердің 3 жыл өтілі болмаған жағдайда міндетте емес екендігін ескертеміз.

Қағидалардың 13-қосымшасы білім беру ұйымы басшысының материалдары (портфолиосы) бойынша бағалау парағы 2-тармағының 2.2-тармақшасына сәйкес «Алтын белгі» белгісін алған түлектерінің 3 жылғы динамикасы бойынша көрсеткіштері болмаса мәлімделген біліктілік санатын беруге (растауға) кедергі болмайтынын мәлімдейміз.

Қосымшаның 4.1-тармағына сәйкес басшы әзірлеген бағдарлама, ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар, әдістемелік материалдар мәлімделген біліктілік санаты деңгейінде болмаған жағдайда бір саты төмен деңгейдегі біліктілік санаттарына дәлелдеме құжаттары болуы тиіс. Мысалы, «бірінші санаттағы басшы/басшының орынбасары» біліктілік санатына өтініш беретін басшы және басшы орынбасарлары үшін білім басқармасының жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген оқу-әдістемелік және әдістемелік материалдарды есептелетінін хабарлаймыз.

Сонымен қатар, барлық біліктілік санаттары бойынша (*бірінші/екінші/үшінші басшы және басшы орынбасары*) басшылар мен басшы орынбасарлары педагогтердің білімін бағалау бойынша 60 тест тапсырмасының кемінде 42 (яғни 70%) тапсырмасына дұрыс жауап беруі қажет.

Осыған орай, басшы және басшы орынбасары шекті деңгейіне жетпеген жағдайда Қағидалардың 24-тармағына сәйкес **«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді»** шешімі қабылданып, қолданыстағыдан төмен біліктілік санатын беру туралы шешім қабылданатынын хабарлаймыз.

**Төраға**

**Қ. Жұмашев**